bilimger.kz Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП**

# «ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМНІҢ ДАМУЫ МЕН КЕЛЕШЕГІ»

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 21.12.2020 | https://bilimger.kz/87609/ |

Ғылыми басылым
Баспаға конференцияның редакциялық алқасы ұсынған
Редакция алқасы:
Айтбенбетова А.А. – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің доценті, филология ғылымдарының кандитаты; Ли Цзяньхун – Қытай Халық
Республикасы Синьцзян қаржы-экономикалық университетінің профессоры; Егенисова А.Қ.. – Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технология және инжиниринг университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты; Туленова Ұ.Т. – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты; Имангазина А.А. – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты; Байганова А.М. – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің доценті, физикаматематика ғылымдарының кандидаты.

Қ 22 «Қазіргі заманғы ғылым мен білімнің дамуы мен келешегі» атты жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Сборник материалов
международной научно-практической конференции молодых ученых «Проблемы и перспективы
развития современной науки о образования» = «Problems and prospects of modern science and
education» proceedings of the international conference of Young Scientists. – Ақтөбе, 2020. – 120 бет,
ISBN 978-601-7959-57-9

Бұл ғылыми жинаққа қазіргі заманғы ғылым мен білімнің өзекті мәселелеріне арналған мақалалар енгізілген. Жинақ жаратылыстану және гуманитарлық ғылым бағыттарындағы зерттеушілерге арналған.
Жинақтағы материалдар авторлық редакциямен шығарылды.

ӘОЖ 37.0:01
КБЖ 74.04+72
Қ 22
ISBN 978-601-7959-57-9 © «Интеллект»
ғылыми-әдістемелік орталығы 2020
4
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

АБАЙ ҚҦНАНБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӘЗҚАРАСТАРЫ

Джумагалиева Назира
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университетінің магистранты, Ақтау қаласы
Ғылыми жетекшісі: Егенисова Алмажай Қҧлжанқызы

Аңдатпа: Бҧл мақалада А.Қҧнанбаетың педагогикалық кӛзқарастары, қара сӛздерінің тәрбиелі мәні туралы баяндаған. Абайдың ӛнер-білімге шақырған ӛлеңдерін талдап, тәрбиелік мәнін ашып, кӛрсеткен.
Мақалада Абайдың еңбекке деген педагогико — психологиялық кӛз-қарасын тӛмендегіше айқындаған пікірлерін саралаған. Атап айтсақ, 1.Ҧлы ағартушы жастарда еңбекке баулу тәрбиесіне материалистік тҧрғыда педагогикалық кӛзқарасын; 2.Кӛшпелі қазақ халқының ӛмірінде еңбек тәрбиесін қалыптастыруда баға жетпес ҥлес қосқандығын, 3.
Ойшылдар арасында алғашқы болып еңбек тәрбиесіне баға бергендігін баяндаған.
Тҥйінді сӛздер: ақын, педагогика тәрбие, ақыл, қайрат, қара сӛз.

Абай Қҧнанбаев – қазақ халқының ҧлы ақыны, жазба әдебиетінің негізін салушы ғана емес, сонымен бірге ҧлы ойшыл педагогы. Оның поэтикалық шығармалары мен ―ғақлия‖ сӛздері пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық және педагогикалық ойпікірлерге толы. Ҧлы ойшыл адамдар жаратылысында бірдей емес дейтін нәсілдік кӛзқарасқа қарсы шыға отырып (отыз тӛртінші қара сӛз), ―адамның туысы, дене бітімі, шыққан жері, бармақ жері бәрі бірдей… Адам баласы анадан туғанда екі тҥрлі мінезбен туады. Бірі – ішсем, жесем, ҧйықтасам деп туады. Бҧлар тәннің қҧмарлығы. Екіншісі – білсем екен деу – жан қҧмарлығы‖… (жетінші, қырық ҥшінші сӛз) деп ой тҥйіндей келе, ―адам бойына жан қҧмарлығы арқылы жиналатын нәрсенің аты ақыл, ғылым… ол талаптылықпен ерінбей еңбек еткен адамның қолына тҥседі…‖ деген қорытынды жасайды.

Абайдың дҥниені тану жӛніндегі кӛзқарасында диалектикалық сарын басым. Ол табиғат қҧбылыстары бір-бірімен ӛзара байланыста, ҥнемі ӛзгерісте, дамуда болады, адам

қоршаған ортаны – табиғаттың ішкі сырын білім-ғылым арқылы танып біледі –деп қарады.
Ол қазақ халқының саяси-экономикалық және мәдени жағынан артта қалушылығы – оның
феодалдық-патриархалдық қатынасынан, рулық талас-тартыс етек алған кӛшпелі
тҧрмысынан деп қарайды. ―Кҥнде ҧрлық, кҥнде тӛбелеспен кҥн кешкен‖ алты бақан алауыз
елінің ―жақсыларына‖ налыған Абай ―малыңды жауға, басыңды дауға‖ салып, ӛміріңді қор
қылмай татулас, бірлесіп ел боп ―егіннің ебін, сауданың тегін‖ ҥйрен, ―жан аямай кәсіп қыл‖
деп ӛсиет айтты. Ол қазақ ауылындағы тап тартысын кӛре білді, сол таптық қанаудан
қҧтылудың жалғыз жолы оқу, ағарту мәселесі деп қарады.
Ол оқудағы мақсат халыққа адал қызмет ету деп ҧқты. Жастарды білім-ғылымды
меңгеруге шақырды. Сол коздегі кейбір оқыған жастардың білімді шен алу, шекпен кию
ҥшін пайдаланып, парақорлықпен, алдап-арбаудың қҧралы етуге тырысқанына ызаланған
Абай:
Ойында жоқ олардың
Салтыков пен Толстой.
Я тілмаш, я адвокат,
Болсам деген бәрінде ой, –деп сӛкті.
Тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімде деп ұққан Абай:
Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып білім алған.
5
Би болған, болыс болған мақсат емес,
Ӛнердің бұдан ӛзге бәрі жалған, – дейді.
Ел болу ҥшін қала салып отырықшы болу керек, егіншілікті кәсіп ету, мектеп салып,
оқу оқып, білім алу қажет, тіршіліктің тҧтқасы еңбек пен білімде ғана тҧр деп жар салады.
Ӛнер-білімсіз қоғамның пайдалы азаматы болудың мҥмкін емес екендігін терең тҥсінген ол:
―Барыңды салсаң да балаңа орыстың ғылымын ҥйрет... ӛнер де, ғылым да орыста тҧр.
Орыстың ғылымы, ӛнері дҥниенің кілті, оны білгенге дҥние арзанырақ тҥседі...‖ – деп озық
мәдениетті орыс халқын ӛнеге етті. Абай бас қатыратын жаттамалы діни оқуға қарсы болды.
―Ақыл – ардың сақтаушысы‖ деп қарап, адамгершілік мәселелерін жоғары бағалап, ар
тазалығы ҥшін кҥресуді дәріптеген ҧлы ағартушы –

Ынсап, ұят, ар-намыс, сабыр, талап,
Бұларды керек қылмас ешкім қалап…
Терең ой, терең ғылым іздемейді
Ӛтірік пен ӛсекті жүндей сабап, – деп кейбір жастардың іс-әрекетіне кейістік білдіреді.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой.
Бес асыл іс кӛнсеңіз, – деп, ел қамын ойлаған жастардың бойында қандай қасиеттердің болуы керектігін тізбектейді. Ақылды азамат болу ҥшін адам бойындағы қасиеттердің қалыбы ҥш нәрсеге байланысты екендігін айтады:
―…Ақыл, қайрат, жҥректі бірдей ҧста,
Сонда толық боласың елден бӛлек‖, – деп адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, салғырттық, жалқаулық, кҥншілдік, кӛрсеқызарлық сияқты жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді еске сақтау, кӛргеннен ҥлгі-ӛнеге алу,
жаман әдет-дағдылардан бойын аулақ ҧстау, нәпсіні ақылға жеңгізу, ҧстамды болу сияқты
адамгершілік қасиеттерді қастерлейді.
Ҧлы ойшыл Абай адамның ӛсіп, жетілуіндегі тәрбиенің рӛліне ерекше тоқтала келе, ӛзінің он тоғызыншы қарасӛзінде ―Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, кӛріп, ҧстап,
татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады. Естіген нәрсені
есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді‖, – деп ақыл-естің тәрбиенің жемісі арқылы жетілетінін ғылыми тҧрғыда дәлелдеп береді. Абай ―сҥйекке біткен мінез сҥйекпен бірге
кетеді‖ дейтін теріс кӛзқарасты әшкерелеп, адам мінезі ӛмір барысынан сабақ алып, ӛзін қоршаған әлеуметтік орта әсерінен ӛзгеріске енеді, ол іс-әрекет арқылы кӛрінеді деген тҧжырым жасайды. Адам мінезінің тҥрлерін адамгершілік, моральдық, имандылық тҧрғыдан
қарастырып, оларды жақсы және жаман деп жіктейді. Әдептілікті, сыпайылықты, қҧмарлықты, тәуелсіздікті, беріктікті жақсы мінезге жатқызса, сенгіштікті, арсыздықты, мақтаншақтықты, қулықты, жауыздықты т.б. жаман мінез деп есептейді. ―Егер есті кісінің
қатарында болғың келсе, кҥнінде бір мәртебе, болмаса жҧмасына бір, ең болмаса айында бір,
ӛмірді қалай ӛткізгенің жайында ӛзіңнен ӛзің есеп ал‖ – дейді. Яғни адамның ӛзін-ӛзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады. Абай: ―Адам баласы бірбірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрселермен оздым ғой

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

демектің бәрі ақымақтық‖, – дей келе, адамды тәрбиелеудегі қоғамдық ортаның рөлінің ерекшелігін саралап көрсетеді. ―Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның
өзінің замандастарының бәрі виноват‖, – дейді. Нәсілдік көзқарасқа қарсы Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге байланысты екенін дәлелдей келіп, өзінің отыз жетінші сөзінде: ―Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін тҥзеп болмайды деген
кісінің тілін кесер едім‖, – деді.
Абай жастардың белгілі бір мамандықты игеруін қуаттайды. Өзінің отыз ҥшінші қарасөзінде ―Егер мал керек болса, қолөнерін ҥйренбек керек. Мал жҧтайды, өнер жҧтамайды‖ деп, жастардың сегіз қырлы, бір сырлы, өнерлі азамат болуын, белгілі бір өнер
ҥйреніп, пайдалы іспен шҧғылдануын, адал еңбекпен мал табуын уағыздаған ҧлы ақын оларға:
6
Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болса, арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге
Кетігін тап та, бар қалан, – деп өмірден өз орныңды таба біл, қоғамның пайдалы азаматы бол деп өсиет айтады.
Абай махаббат мәселесіне де ерекше көңіл бөліп, жастарды жҧбайлық өмірге ҥлкен жауапкершілік сезімімен карауға шақырады. Өзінің ―Жігіттер, ойын арзан, кҥлкі қымбат‖
(1891) деген өлеңінде отбасы өмірінің этикасын, ерлі-зайыптылардың бір-бірімен сыйласымды өмір сҥруін ескерте келіп, кҥнделікті тіршілікте кездесетін қиындық атаулыны
қол ҧстаса отырып жеңе білуге жастардың әзір болуын талап етеді.
Абайдың педагогикалық көзқарас-тары жастарды оқу, өнер-білімді меңгеруге ҥндеген өлеңдерінде айқын танылады.
Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім, — деп, өзінің ілім-білімді игеруге кеш, қырық жастан асқан соң ден қойғанына өкіне отырып:
Дүние де-өзі, мал да-өзі;
Ғылымға көңіл бөлсеңіз, — деген берік тоқтамға келеді.
Білім-алынбас қамал емес,
ғалым болу — қол жетпес арман емес, керегі- «осындай болсам», «боламын» деген тал-пыныс. Міне, осыны Абай өзінің «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ашып айтады. Ҧлы

ақынның қара сөздерінің өзі — тұнып тұрған педагогика, философия. Абайдың айтуынша,
«Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі көкірек байлаулы берік болмақ
керек; екінші- сол нәрсені естігенде я көргенде ғибратлану керек, үшінші — ішінен бірнеше
қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек, төртінші-ой кеселдерінен аулақ болу керек. Бұл
төрт нәрсе — күллі ақыл мен ғылымды тоздыратын нәрселер». Бүгінгі күні кез-келген ұстаз
ақынның осы бір дана сөзін үнемі қайталап, бала жадына жеткізіп, есіне сақтата білу тиіс.
Адам баласының ілім-білімді игеруде өз мақсаты болуы тиіс. Бақастыққа, есепке немесе атаананың абыройына, атақ-мансапқа, жеке бастың қызығына негізделген білім- білім емес. Сол
себептен де алған білімің, оқығаның, тоқығаның ел қамына, көпке арналу керек деген ойын
ұлы ағартушы өзінің отыз екінші қара сөзінде ашып айтады. Жастық шақ- адамның жақсылықты да, жаман-дықты да жылдам қабылдайтын албырт кезеңі. Сол себепті ілімбілімді жас кезің-нен қолға түсіріп, меңгеру-өте тиімді. Жақсы киім мен әдемі әлпетіңәдемілік, сұлу-лық емес. Адамды көріктендіретін бұлар-мен қоса- ілім-білім деген дана
көзқарасын білдіреді. Абайша айтқанда, ақыл мен сұлулық — синонимдес ұғым. Өзгеден
сұрап, біліп алған білім аздық етеді, ал ең сенімді, ең ақылды, ешкімге жалтақтамайтын білім
көзі, ғылым көзі- кітап деген дана ұғымы бар ақынның. Сол себептен де Абай «ғылымсыз
бұл дүниеде де, о дүниеде де жақсылық жоқ» деген пікір айтады. Абай-дың педагогикалық
көзқарастарын айқын-дайтын бүгінгі оқу жүйесімен үндес төмендегідей дидактикалық пікірлерін атауға болады:

1. Оқытудың жеңілден ауырға қарай бағытталуы. Күшпен, ерекше талап қойып оқыту нәтиже бермейді. Баланың қабылда-нуына, қызығушылығына, білгенінен біл-мегеніне негізделіп оқыту қажеттілігін айтады.
2. Абай ұлы ойшылдар Пифагор мен Аристотельдің пікірлерін толығымен қол-дап, баланы күш көрсетіп, ұрып-соғу арқы-лы оқытуға қарсы болады. Оқытудың мұндай антипедагогикалық түрі, біріншi-ден, баланың ілім-білім игеруге деген талабын, қызығушылығын жойып, екін-шіден, жалған сөйлеуге, қорыққанынан сыйлауға мәжбүр болатынын айтады.

3. Оқытудың кәрнекілігіне ерекше мән береді. «Жас бала анадан туғанда екі тңрлі
мінезбен туады: біреуі-ішсем, жесем, ђйықтасам деген тән қђмары, екіншісі- не кәрсе соған
талпынып, жалт-жђлт еткенге қызығып, аузына салып, дәмін татып, бетіне басып қарап, «ол
7
немене?», «бђл немене?», «ол неге ңйтеді?», «бђл неге бңйтеді?» деп, кәзі кәріп, қђлағы
естігеннің бәрін сђрап, білсем екен, кәрсем екен, ңйренсем екен деген жан қђмары» делінген
жетінші қара сәзінде. Олай болса, жас жеткіншектің осындай тән, жан ерек-шелігін ескеруђстаздардың қолында.
4. Балалардың жас және психо-логиялық ерекшелігін ескеру керектігін айтады. Балаға
берілетен тапсырма деңгейі балаға тңсінікті, қабілетіне сай, қабыл-дауына сәйкес болуы керек.
Кемеңгер ақын, ђлы данышпан Абай ә̆з педагогикалық кәзқарасында жастарды ақыл-ой
тәрбиесіне, ілім-білімге ңндей отырып, болашақтың тђтқасына ие бола-тын жастар білімді,
зерек, кәкірегі ояу бол-маса, ешқандай нәтиже болмайтынын баса айтады. Ақынның бђл
педагогикалық ғђла-ма ойының оптимистік сипаты бар екенін ә̆мірдің ә̆зі дәлелдеп отыр.
Ал отыз сегізінші қара сәзінде: «Кңллі адам баласын қор қылатын ңш нәрсе бар.
Содан қашпақ керек. Әуелі–надандық, екінші-еріншектік, ңшінші- залымдық»-дейді. Адам
бойындағы ең бір жағымсыз әдет- екіжңзділік.

Бір кәрмеге жап-жақсы
Қазаны мен қалбаңы
Дә̆ң айналмай ант атты
Бықсып-бүксіп ар жағы, — дейді ақын. Мђндай әдет — сол заманнан кңні бңгінге дейін
қанымызға сіңіп кеткен жаман әдет.

Абайдың педагогикалық пайымдауы-нша, адамгершілік қасиеттің ең басты тірегі —
бірлік, достық, ынтымақ. Аталған қасиеттер болмаған жерде адами қасиет те сезілмейді.

Достық, қастық, бар қызық- жүрек ісі,
Ар, ұяттың бір ақыл- күзетшісі.
Ар мен ұят сынбаса, ә̆зге қылық,
Арын, алқын- бђл кңннің мәртебесі.-деп, нағыз достыққа ерекше баға бере білді. Абай
достық пен жолдастықтың аражігін ажырата айтады. Дос-ол жалғыз, жолдас- кә̆п. Досыңмен
ғана қуанышыңды да, қайғыңды да бә̆лісіп, ішкі сырыңды айта аласың. Достық жақсы

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

жолдастықтан ғана туады.

Аямай жанын дос ертер,

Жолдастықты ақтаса – дейді ақын.

«Жаман дос, — дейді Абай, — көлеңке. Басыңды кҥн шалса, қашып қҧтыла алмайсың, басыңды бҧлт алса, іздеп таба алмайсың» деген пікірінің де тәрбиелік мәні ерекше.

Адамгершіиктің бір сипаты- ар-ҧят. Абайдың педагогикалық көзқарасы ар-ҧят бар жерде ғана

шындық бар дейді. Ар-ҧят пен шындық бірінен бірі туындайды, бҧл тамаша ҧғымдарадамдық-тың белгісі. «Анық ҧяла білген адам өзін-өзі меңгере алмай, көзінен аққан жас пен

мҧрнынан кеткен суды сҥртуге шамасы келмей, қҧлағы естімей, көзі көрмей, меңіреу болып

қалады. Ондай кҥйде тҧрған адамды одан әрі ҧялту- иттік» дейді Абай. Ақын ҧяла білген

адамның психологиясын, жан кҥйзелісін шеберлікпен осылайша бейнелейді.

Шыншылдық, әділдік- Абай ҧстана-тын игі адамгершілік қасиеттердің бірі. Абайдың

өзі осы шыншыл, әділ қасиетінің арқасында «мыңмен жалғыз алысып өткен». Өз заманында

өзі де әділ болып, маңайы-нан да соны талап етті. Абайдың баласы Тҧрағҧл Қҧнанбаев

«Әкем Абай туралы» деген естелік кітабында былай дейді: «Жалпы ҧрылар айтады:

«Абайдың алдына өтірікпен бара алмаймыз, жанымыз қалса, шын сөзіміздің арқасынада

қалады». Осының өзінен Абайдың шындықты ту етіп ҧстағанын байқаймыз. Ар-ҧят пен

шындық екеуін ҥнемі байланыстыра қарап отырады.

Ойшыл ақын өз педагогикалық көз-қарасында еңбек тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі.

Қазақ ҧлтының еңбекке көзқарасын басқа ҧлт өкілдерімен салыстыра сипат-тайды. «...Әуелі

қҧдайға сиынып, екінші, өз қайратыңа сҥйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жер де

береді, қҧр тастамайды», — дейді Абай өзінің төртінші қара сөзінде. Ақын өз заманындағы

қазақ жастарының еңбекке деген қҧлшынысын сынай біледі. Оған себепкер болған тағы бір

жай – Семейге жер айдалып келген Долгополовтың Абай балаларына айтқан сыны.

«Ғылымға ет ауыртып, еңбек қыл-маса, қолға тҥспейді. Балаларың сенің аулыңнан төбесі

8

көрінбестей алысқа кетсе, сонда адам болады», — депті Абайдың досы. Абайдың еңбекке

деген оң көзқарасы әке тәрбиесінен басталады. Себебі әкесі Қҧнан-бай болашағынан зор ҥміт

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

кҥткен баласын ерте уақыттан-ақ ел басқару ісіне ара-ластыра бастайды. Абай ӛз шығармасында:
Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас
Қардың суы секілді тез суалар, — деп, еңбектің адалынан келеріне ерекше мән береді.
Немесе:
Тамағы тоқтық, киімі кӛктік
Аздырар адам баласын, — деген жолдарында да оптимистік, педагогикалық ойы білінеді. Абайдың кӛреген ойы бҥгінгі заманымыздағы жастар арасындағы жҧмыссыздық, соның салдарынан болатын келеңсіздікті айтып тҧрғандай. Жҧмыстың ешқандай
арлығы жоқ. Маңдай теріңмен еткен еңбектің бәрі де таза. Абай ӛзінің шығармаларында жастарды еңбекке тек ҥндеп, шақырып қана қоймайды, ойшыл педагог ретінде ӛзіндік педагогикалық такт пен шеберлік таныта біледі. Еңбекке ҥндеуде әр адамның психологиялық
ерек-шелігіне де кӛңіл аудару қажеттігін айтады. Ақын ӛзінің әр шығармасында еңбекке тәрбиелеудің әрбір компонентін ар мен ҧят тҥсініктерімен байланыстырып отырады. Сол
себептен де:
Ҥш-ақ нәрсе — адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нҧрлы ақыл, жылы жҥрек, — дейді. Сонымен, Абайдың еңбекке деген педагогико — психологиялық кӛз-қарасын тӛмендегіше айқындауға болады:
1. Ҧлы ағартушы жастарда еңбекке баулу тәрбиесіне материалистік тҧрғыда педагогикалық кӛзқарас таныта біледі.
2. Кӛшпелі қазақ халқының ӛмірінде еңбек тәрбиесін қалыптастыруда баға жетпес ҥлес қосты.
3. Ойшылдар арасында алғашқы болып еңбек тәрбиесін жан-жақты тәрбие деп бағалады. Себебі еңбек тәрбиесі арқылы ғана адам бойындағы басқа да адамгершілік қасиеттер қалыптасада деген педагогикалық пікір айтады.
4. Еңбектің әлеуметтік сипатына ерекше кӛңіл аударып, мән бере білді.
5. Абай алдыңғы қатарлы ойшыл-педагог ретінде еңбек басқа халықтардың экономикалық және мәдени ӛмірімен байланыста болудың басты шарты екенін педагогикалық тҧрғыдан дәлелдеп берді.
Сонымен қатар, Абай әйелдің бас бостандығын, жастардың сҥйгеніне қосылып махаббатты ӛмір сҥруін қорғаушы болды. Ҧлы ақын Абайдың педагогикалық кӛзқарасындағы басты нысана —Атаның баласы болма, адамның баласы бол... жақсы кӛпке
ортақ, пайдаң еліңе, халқыңа тисін‖ деген гуманистік ой-пікірді қуаттауы еді. Оның жастарды тәрбиелеудегі педагогикалық кӛзқарастары дҥниежҥзілік педагогика классиктері
Ж.Руссо, Д.Дидро, И.Кант т.б., орыстың ойшыл ҧлы педагогтары: Л.Н.Толстойдың,

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

К.Д.Ушинскийдің ағартушылық ой-пікірлерімен терең қабысып жатыр. Абай ҧрығын сепкен
оқу, ӛнер-білім, адамгершілік, әдеп, мораль мәселелері бҥгінде қазақ халқының рухани азығына айналып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай (2 томдық ӛлеңдер жинағы). – Алматы: «Ғылым», 1997.310б.
2. Абай қара сӛздері. – Алматы, 1982., 189б.
3. Жиреншин А. Абай және оның орыс достары. – Алматы: «Ғылым», 1959., 123б.
4. Қҧнанбаев Т. Әкем Абай туралы. — «Ана-тілі»баспасы, 1993.
5. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ ағартушылары жастар тәрбиесі жӛнінде. – Алматы: «Білім», 1995,
230б.
6. Ерсәлімов Б. Қҧнанбайдың қуығын кӛрген ҧрпақтары. – Семей: «Ғалам-шар», 2005.
7. Ӛміралиев Қ. Абай афоризімі. – Алматы: «Кітап», 1993., 127б.
8. Ысқақова М. Ҧлы Абайға адалдық. – Семей: «Ғалам-шар», 2005., 78б.

9

ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Егенисова А.Қ., п.ғ.к., профессор, Қосханова А., магистрант
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы

Оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру мәселесінің ӛзектілігінің
артуы мектептегі оқу-тәрбие процесіне жаңаша тҧрғыда қарап, оны оқушының білім, білік,
дағдыны меңгеру ғана емес, танымдық-шығармашылық іс-әрекет және интеллектуалдық,
шығармашылық процесс ретінде қарастыруды міндеттейді
Педагогикалық процесс мҧғалім мен оқушылардың ынтымақтастық қарым-қатынас негізінде әр жеке тҧлғаның шығармашылық қабілеттері мен дара мҥмкіндіктерін есепке ала
отырып ҧйымдастырылуы тиіс.
Сондықтан қазіргі заман мектептерінің басты міндеттерінің бірі – оқу-тәрбие
жҧмыстарын бірегей жҥзеге асыру ҥрдісінде оқушылардың интеллектуалдық –
шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, әлемдік ӛркениет пен ҧлттық мәдениеттің ҥздік
ҥлгілері арқылы шығармашыл жеке тҧлға қалыптастыру.
Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жҥйесінің жеке
адамды дамытуға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған ролі атап кӛрсетілсе, осы
заңның 41-бабында: «педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру
стандартында кӛздеген деңгейден тӛмен емес білім, білік, дағды алуын қамтамасыз

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

етуге,
жеке шығармашылық қабілеттерінің кәрінісін, дамуы ңшін жағдай жасауға міндетті», — делінген.
ТМД, Ресей ғалымдарының еңбектерін талдауда шығармашылық қабілет, креативтілік, қабілеттілық мәселелерінің психологиялық ерекшеліктері (С.Л.Рубинштейн, Л.С.Выготский,
А.М.Матюшкин, А.В.Берушлинский т.б.) шығармашылық іс-әрекеттің мотивациялық сипаты (Б.Г.Ананьев, Л.И.Божович, А.Н.Леонтьев, А.Маслоу, Ж.Пиаже т.б.) жӛнінде зерттеулері орындалған.
Жеке тђлға қабілеттілығы сипаты кӛптеген психологиялық зерттеулердің тақырыбы болып табылады. Оның қалыптасу жолдарын Б. Г. Ананьев, Л. И. Божович, Л. С. Выготский, А. Н. Леонтьев, А. В. Петровский, Д. Б. Эльконин т.б. зерделеген.
Психологтардың тңрліше еңбектерінде тђлғалық ерекшеліктердің басқаша психологиялық
таңғажайыптардың дамуына айтарлықтай ықпалын тигізетіні туралы мәселелер айтылады.
Шығармашылық танымдық іс-әрекет нәтижесі болып табылады. Танымдық ісәрекетті ђйымдастыру мәселесі бойынша зерттеу жђмыстарын ғалымдар А.Әбілхасымова, Р.Омарова, С.Смаилов, Ж.Қараев,С.Бегалиева, М.Қђдайқђлов, Т.Сабыров т.б. жңргізгені белгілі.
Оқушылардың оқу іс-әрекеті мен оқудан тыс уақытындағы іс-әрекетінде шығармашылық қабілетін дамыту – ӛскелең буынға тәлім-тәрбие берудегі кңрделі психологиялық әрекет болып табылады. Шығармашылық қабілеттің дамуы оқушылардың
интеллектісін дамытумен байланысты екендігін негізге ала отырып, оқу ңрдісін тиімді ђйымдастырудың, іс-әрекеттің субъектісінің шығармашылық сапалық ерекшеліктерінің, сабақ кезінде және сабақтан тыс кездерінде диагностикалық және шығармашылық тапсырмаларды ђтымды қолданудың мәні зор.
Ӛйткені, қазіргі кезеңдегі қоғамның жедел дамуы ғылым мен техниканың дамуымен байланысты болса, ал болашақта ғылым мен техниканы, ӛндірісті дамытатын бңгінгі мектеп
оқушылары. Сондықтан мектеп оқушыларынан ңлкен жауапкершілік пен білімдарлықты қажет етеді.
Қазіргі кезде мектептердегі білімдер жңйесінен бір дағдарыс кезеңдерін кӛруге болады. Мђның мәні – оқыту әдіс-тәсілдерінің жеткіліксіздігі емес немесе мектеп ӛмірін басқаша ђйымдастыру емес. Бңгінгі кңннің негізгі талабы – білімді адамды әлемнің бңтіндей бейнесін
10
қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасай алатын жаңаша ойлай

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

алатын шығармашылық адамға айналдыру.

Балаларға әлемнің көп бейнелі жақтарын шығармашылық таным негізінде қабылдай алу қабілетін дамыту қажет. Осының негізінде интеллектуалды, креативті (шығармашылық қабілетті) ұрпақты тәрбиелеп оқыту, педагогикалық психологияның маңызды мәселелерінің бірі деп білеміз. Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық қабілетінің дамуы оқу барысын дұрыс ұйымдастырумен байланысты. Мектеп мұғалімдері көп жағдайда оқушылардың пәнге байланысты жаңа материалды дұрыс меңгеріп, сабақ үлгерімінің жақсы көрсеткіштеріне қанағаттанып қояды да, олардың айрықша, стандартты емес шешім қабылдауына, шығармашылық белсенділігіне жағдай жасай бермейді.

Бала өзінің анатомиялық-физиологиялық айырмашылықтарымен бір-бірінен ерекшеленеді, бірақ психологиялық зерттеулер баланың тұқым қуалаушылық қабілетін жартылай ғана анықтайтындығын көрсетеді. Барлық жағдайда қабілеттің дамуында оқутәрбиенің алатын орын үлкен.

Адам дайын қабілеттермен туылмайды, өмірге қабілеттіліктің анатомиялықфизиологиялық алғы шартымен ғана келеді. Ал қабілеттілік сол алғы шарттар негізінде қоршаған әлеммен қатынас жасау процесінде оқу мен тәрбие әсерінен дамиды.

Әрқандай іс-әрекетке байланысты бала қандай қызметті орындауы қажет және сол істің тиімді нәтижемен қамтамасыз етуге жәрдем беретін сапаларға ие болуы тиіс. Мұндай дара психологиялық ерекшеліктер міндетті түрде бір жағынан, өзіндік психикалық табиғатына ие болудан, екіншіден — әркімде өз алдына, қайталанбас көрінісінен жеке адам қабілеті деп аталады. Адамның барлығы тік жүру, сөйлеу мүмкіндіктеріне ие, бірақ бұлардың бірі де шын қабілет тобына кірмейді, себебі біріншісі-психологиялық құбылыс емес, екіншісі-баршада бірдей көрінетін әрекет. Қабілетсіздерге қарағанда, қабілетті адам ісәрекетті тез меңгереді, қажетті, мол нәтижеге оңай жетеді. Қабілет өз ішіне әртүрлі психофизикалық қызметтер мен психикалық процестерді ғана емес, сонымен бірге жеке тұлғаның барша даму деңгейін қамтыған, әрі оларға тәуелді күрделі жүйе. Адамның психологиялық сипаты білім, ептілік, дағды әрекеттерінде көрінгенімен, қабілет табиғаты ісәрекеттен бөлек. Мысалы, тұлға техникалық және білім жағынан күшті бола тұрып, қызметке келгенде болымсыз, ал кейбіреулер арнайы оқып, үйренбей-ақ күрделі қызметтерді атқарып, тиімді нәтиже беруге шебер.

Қабілетті балалардың ерекшеліктері олардың жас ерекшеліктеріне байланысты

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

болады. Сондықтан да баланың психикалық дамуын кезеңдерге бөлуде оның жеке тұлға
ретінде даму үрдісімен бірлікте болуын ұстап тұру да күрделі мәселе екені белгілі. Жас және
педагогикалық психология дамуының психикалық кезеңдерін ғылыми негіздеп, адамның
психикалық өмірін кезеңдерге бөлуде жас ерекшеліктерін ескерудің маңызына назар
аударады. Негізінде психикалық дамудың өзегі – қызметтің қалыптасу процесі болып
табылады.
Психикалық дамудың кезеңдерге бөлінуінің түп негізінде жатқан құбылыс – қызметті
өзгерту мақсаты болады, әйткені сол қызмет динамикасы арқылы ғана адам санасы, ақыл-ой
қызметі қалыптасады. Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов
негіздеген балалықты кезеңдерге бөлу кестесінде ғалымдар әр жас кезеңінің ерекшеліктеріне
сай жетекші қызмет түрі болады деген идея алдыңғы орын алады.
В.В.Давыдовтың айтуынша, психикалық даму дегеніміз – жеке адамның тарихи түрде
қалыптасқан қызмет типтерін игеру барасында жүзеге асыратын қабілеттерді қайта
жасақтауы.
Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың оқуға недәуір мүмкіншілігі бар, себебі
олардың интеллектісі қарапайым ой операциясы дәрежесінде кездеседі дейтін Ж.Пиаженің
пікірі дұрыс болғанымен қазір мәдени-тарихи теорияны жақтаушылардың
(Л.С.Выготскийдің) пікірі бойынша оқымай келген бала оқуға кірген соң, ойы мен
интеллектісі үлкен өзгеріске ұшырайды. Бала қарапайым, яғни табиғи ойдан мәдени ұғым
арқылы ойлауға көшеді деген пікір басшылыққа алынады.
11
Оқушылардың бірте-бірте ой-өрісінің қалыптасуымен заттарды тиісті ұғымдарға
жатқыза білу қабілеті құрбылары арасында ойын дәлелдеуге үйретеді. Ол не болса соған
көнбейді, өзгелерден дәлел келтіруді талап етеді. Ол үшін бала тиісті жүйелерге логикалық
негіздерге сүйенеді. Сонымен қатар өзінің пікіріне не ісіне талдау жасап, сын көзбен
қарайды, мұны рефлексияның қарапайым түрі деп атауға болмайды. Ал рефлексия оқымаған
Африка т.б. елдердің 15-16 жастағы балаларында кездеспейді деп АҚШ психологы Дж.
Брунер пікір таратты. Оның бұл пікірі не қосылмаймыз, себебі рефлексияға ие болу ойдың
шартты рефлексі бола тұрып, оқу процесінде 7-11 жастағы балаларда қалыптаса бастайды

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

және осы жастағы балалардың ақыл-ойының едәуір қалыптасып қалғандығына дәлел бола
алады.
Балалардың оқу материалын жүйелі және мәніне қарай ұғынуында салыстыру ой операциясы негізгі рөлді атқарады. Салыстыру бір нәрсенің өзге нәрседен айырмашылығын
немесе екеуінің де ұқсас жақтарын айыру болғандықтан, ой процестерінің ерекше түрі болып саналады. Оқу мазмұнын салыстыруда ой операциясының бірнеше түрі кездеседі.
Сондықтан оны баланың оқуға деген ынтасын арттыру үшін пайдаланамыз.
Жапонияда оқыту мен тәрбиелеу негізгілерінің бірі ретінде баланың идеяларын
қолдау арқылы оның барлық кезде міндетті түрде өзімен-өзін салыстырып отыру қажет дейді. Оларда: «Маратқа қара, ол тапсырманы қалай шешеді, немесе ол қалай жақсы оқиды»
– деп айтпайды, «Кешегіге қарағанда бүгін сен тапсырманы жақсы орындадың», «сенің қабілетің жетеді» т.б. осындай мақтауларды пайдаланады. Бұл оқушының ішкі танымдық ісәрекеттерімен сыртқы даулы жағдайларды шешуге көмектесетін оқу-тәрбие принципі.
Оқыту процесінде өзіне мақсат қойып, оны орындауға тырысады.
Жоғарыда атап өткендей, оқыту процесі екі жақты әрекет болғандықтан, оқытушы
психикалық ерекшеліктердің барлығын ескере отырып, дұрыс бағалауы керек.
Н.Ф.Талызина: «Бастауыш мектеп оқушыларының танымдық іс-әрекетін
қалыптастыру» атты еңбегінде екі тәжірибелі мұғалім бала жауабын екі түрлі бағалауы мүмкін деп көрсеткен. Оған мысал ретінде, Мәскеу бастауыш мектептерінің бірінде
математика сабағында жүргізген тәжірибесінде оқушы үшбұрыштың перпендикуляр
қабырғалары тең болатынын теория жүзінде айтып бергенде мұғалім жауапты «беске» бағалады. Бірақ оқушыдан үшбұрышты сызық бұрыштарын латын алфавитімен белгілеп,
дәлелдеп беруін сұрағанда тапсырманы орындай алмады.
Кейбір зерттеушілер дәлелдегеніндей қабілетті балалардың арасында психикалықжүйке қуаты жоғары балалар жиірек кездеседі, бұл бір жағынан, олардың ауқымды
танымдық қабылдаулары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді, ал екінші жағынан,
қызбалықтың, шамадан тыс белсенділік пен күйгелектіктің негізінде жатады, бұлар
қоздырушы-жағдаяттарға жоғары әсершілдікті туындатып, өткір көңіл-күй ауандарын, мінезқұлқының бұзылуын, күйгелектік және соматикалық ауытқушылықтарын қоздырады.
Демек, қабілеттіліктер қабілетті бала тұлғасының үлкен сезімталдығымен байланысты.
Қабілетті оқушыларда ұшырасатын әлеуметтік мәселелерді жіктей отырып, біз
мынадай тұжырымға келдік: ең алдымен, әлеуметтік төңірегіне айтарлықтай күшті

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

сезімталдығымен ерекшеленетін қабілетті балалардың ―Мен – тұжырымдамасының‖
қорғанышсыздығын бөліп көрсеткен дұрыс. Қабілетті бөбектердің әсершілдігінің мейлінше
төмен шекті деңгейі, бұлардың өзгерістердің бәрін де өз есептеріне қабылдауына апарып
соқтырады. Ондай әзімшілдік көбінесе бұларды ештеңеге айыптамаған күннің өзінде,
кінәрат сезімінің пайда болуына апарады.

Қабілетті бала үшін, әсіресе, мұғалімнің тапсырмасын дұрыс орындауға ұмтылыс,
оның сауалдарына дұрыс әрі басқаларынан тезірек жауап қайтару – жәй ақыл ойыны, өзінше
бір бәйге және ол өзгелерінен бұрын қолдарын көтеруі маңызды деп санайды. Мұғалімдердің
көпшілігінің қабілетті балаға қамқорлық жасауға уақыты жете бермейді, кейде тіпті,
таңқаларлық білімді, әрі ақыл-ой белсенділігі әрқашан түсінікті бола бермейтін оқушылар
оларға бөгет жасайды. Мұндай балалармен жұмысқа мұғалімдердің психологиялық
дайындығының жетімсіздігі, өздерінің шәкірттерін бағалай отырып, ұстаздардың бұлардың
12
бойынан, ең алдымен, өзін-өзі көрсетушілікті, бәрін өз қалауымен жасайтынын,
күйгелектігін, жалпы қабылданған үлгілерді қаламайтынын, кейде, тіпті, қабылдай
алмайтынын және т.т. атап айтуына апарып соқтырады. Бұл жерде айта кеткеніміз жөн,
ондай бағалаушылық – мұғалімдердің қабілетті оқушылардың тұлғалық ерекшеліктері мен
даму заңдылықтарын дұрыс түсінбеуінің салдары болып табылады.

Барлық балалар үшін шығармашылық оқытудың тиімділігін айтпай кетуге болмайды.
Мұны балалар үшін шығармашылық қабілетті дамыту мәселесі белсенді болып саналған,
оқытудың қазіргі заманғы мәселелерін талдау кезінде анықтаған болатынбыз. Үйренудің осы
алғашқы формасы – шығармашылық оқытудың формасы болып табылады. Дәл осы жайды
Фрэнсис Бэкон: «Ғылым патшалығына ену үшін біз кішкене бала кейпіне енуіміз керек»-
дейді. Әрбір дені сау бала үшін зерттеу мен білімге ұмтылу, жаңалыққа құштарлық – туа
біткен қасиет екендігі таңқаларлық жайт. Мектеп жасында осы қасиеттердің тез
жеңілдікпен жойылатындығы одан да таңқаларлық. XVII ғ. байқаған осы жағдай
философтар мен педагог – психологтарды оқытудың ең негізгі мәселесі етіп, баланың
шығармашылық және зерттеу қабілеттерін сақтап қалу екендігін көрсетеді.

XX1 ғасырдың көкжиегінде өтіп жатқан білім беру жүйесінің қайта жаңартылуы,

баланың шығармашылық қабілетті тануға және болжам жасауға жаңа кәзқарасты талап етуде. Қабілетті балаларды тану – нақтылы бір баланың дамуын талдаумен байланысты ђзақ
процесс. Қайсыбір әдістің кәмегімен зеректіліктің айқындалуы мғмкін емес. Шығармашыл
оқушыларды қабілетті анықтаған кезде кешенді кәзқарас танытқан маңыздырақ. Сонымен
бірге сан алуан әдістердің кең ауқымын қолдануға болады:

– балаларды бақылау әдістерінің сан алуан жолдары (табиғи және лаборатория жағдайларында, мектептен тысқары қызметінде);

– белгілі бір шығармашылық қабілеттілық жағдайын талдау міндетіне орай, тғрлі әдістемелерді қолдана отырып, психодиагностикалық зерттеулер жғргізу;

– ђжымдық шығармашылық істерді даярлау барысында балалардың рәлдік ойындарға, «ми шабуылына» атсалысуы;

– балалардың шығармашылық қызметінің нақтылы ӛнімдерін кәсіби шебер мамандардың талдап, бағалауы (суреттер, ӛлеңдер, техникалық ғлгілер және т.б.);

– сан алуан зейіндік және пәндік олимпиадаларды, конференцияларды, спорт жарыстарын, шығармашылық бәйгелерін, байқауларды, фестивальдарды ђйымдастыру және
т.б.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. – М., 1977.
2. Матюшкин А.М. Развитие творческой активности школьников. – М: Педагогика, 2001. — 155 с.
3. Лейтес Н.С. Об умственной одаренности. –М., 1980. -214 с.
4. Ананьев Б.Г. О таланте и способностях. – М.: Просвещение, 1991 –216 с.
5. Божович Л.И. Проблема развития мотивационной сферы ребенка // Изучение мотивационного поведения детей и подростков. – М., 1992.

ҚОРҚЫНЫШТЫ ФИЛЬМНІҢ АДАМ ПСИХИКАСЫНА ӘСЕРІ

Едилова Н.И., магистрант
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
Университетінің магистранты, Ақтау қаласы
Ғылыми жетекші: Егенисова А.Қ.

Қорқыныш адамдарда ғана болатын сезім емес, ол-жер бетіндегі әрбір тіршілік иелерінде болатын сезім. Қорқынышты ғылыми тғрде фобия деп атаймыз. Қорқу ӛзінен
13
кғштіден немесе жалғыздықтан және де тағы басқа да нәрселерден туындайды. Жалпы
қорқынышты сезу – бђл әр адамзат ғшін қалыпты нәрсе. Бірақ, қорқыныш сезімі тым шектен

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

шығып, қорқу объектісі адам психикасына қатты қысым кәрсете бастаса, онда, ол қарапайым
қорқыныш емес, кңрделі ауру – фобия. Фобия адамда ғана емес басқа да тіршілік иелерінде
болады. Сол фобиясы бар тіршілік иелеріне қарай отырып бңл аурудан тез арада емделу қажет. [1]
Себебі фобия кңшейіп кетсе, айықпас дертке әкеп соқтыруы мңмкін.
Фобияның 2-тңрі бар. Олар: иррационалдық және бақыланбайтын қорқыныш. Фобия бір
нәрсеге жағымсыз қатынасты білдіреді, ал қорқыныштың ӛзі бңл жағдайда әсер сияқты
бңркемелі тңрде қатысып, тек осы жарамсыздықты білдіру қңралы болып келеді. [2]
Қорқыныш — индивидтің биологиялық не әлеуметтік тіршілігіне қатерлі жағдаяттарда
туындайтын қауіп қолайсыз эмоция. Қатердің сипатына байланысты қорқыныш сезімінің қар
қңндылығы мен тән сипаты ерешілігі алуан тңрлі болады (қауіптену, қорқу, шошу, ңрей).
Егер қауіп негізі анық емес не ңғынылмаған болса, ондай кңй алаңдау деп аталады.
Функциялық тңрғыдан қорқыныш субъектіге алдағы қауіп туралы ескерту болады. [3]
Фобия (гр. phobos -қорқыныш) – небір жағдайларда қайта қайта пайда болатын
қоркыныш, бңл невроздың ығыр қылатын тңрінің кӛрінісі. Белгілі бір жағдайда немесе
белгілі бір заттың алдында кетпейтін ңрей мен мазасыздануды байқайды, ауырулар ӛздерінің
ңрейлерінің ерсіз және дәлелсіз екенің жақсы сезеді, бірақ бңл кңшті олар жеңе алмайды.
Фобиялар субъектіні белгілі бір (фобиялық) жағдайда билеп алатын вегетациялық
дисфункциялардың астасатын (жңректің атқақтауы, ағыл-тегіл терлеу және т.б) нақты
мазмңндағы барабар емес жабыспа қорқыныш сезімдері.
Фобиялар невроздар, психоздар және мидың органикалық аурулары кезінде болады.
Нервоздық фобиялар кезінде аурулар, әдетте, ӛз қорқыныштарын негізі жоқ екенін ңғынады,
оларға ӛзін қинайтын субъективтік, бақылай алмайтын кінәраттар деп қарайды.
Фобиялардың: мозофобиялар, сотцо-фобиялар (жңрт алдында сӛйлеуден қорқу, қызарып
кетуден қорқу және т.б), кеңістіктен қорқу (клаустрофобия – жабық ңй-жайда болудан
қорқу, агарофобия — ашық кеңістіктен қорқу) және т.б. тңрлері бар. Егер емделуші ӛз
қорқыныштарының негізсіздігін, ақылға сыймайтынын сыни тңрғыдан анық ңғынбайтын
болса, онда мңның ӛзі кӛбіне фобиялар емес, патологиялық кңмәндар (қауіптенулер),
сандырақ болып шығады. Невроздық фобиялар бейнелі ойлауға бейім, жан-дңниесі енжар,
вегетациялық орнықтылығы кем адамдарда кӛбірек байқалады. Білікті психотерапевтік

шаралар арқылы мұндай кінәраттардан көбіне арылтуға болады.[2]
Кинотерапиямен айналысатын психолог Бирджит Вольцтің айтуынша, әдетте фильмдер идеяны адамдарға логикалық түрде баяндап бермей, эмоция арқылы жеткізетіндіктен, инстинктерді бейтараптандырып, сезімдерімізді басады да, эмоцияның шығуына мүмкіндік жасайды. Эмоцияны тудыратын фильмдерді көру миыңыздағы осыған
дейін мүмкін болмаған өзге есіктерді аша алады. Сол себепті, киноға бармас бұрын, сіз көргелі отырған фильмнің сіздің психикаңыз бен денеңізге қалай әсер ететінін біліп алғаныңыз жөн. Психологиясы қалыпты адам қорқынышты фильмнен қорқу керек, ауытқу
болып бұзыла бастағандар қорықпай көреді.
Қорқынышты фильмдерді ұнататындарды өз өмірін қауіпке тігіп, парашюттан секіретін, шыңдарға шығатын экстремалдармен салыстыруға болады. Осы жанрдың фанаттары қорқынышты фильмнен шынайы өмірде оңайшылықпен бола қоймайтын әсерді
алады. Ғалымдардың зерттеуінше, қорқыныштан барынша ләззат алу үшін бір-екі шарт орындалуы тиіс екен: қауіпсіз орта және қорқыныштың аяқталатыны туралы сенімділік. Яғни қорқынышты кино көре отырып, сіз өзіңіз отырған диванды қауіпсіздіктің кепілі деп қабылдайсыз. Бернард Шоу: «Қорқыныштың құлы болу – құлдықтың ең сорақы түрі» деген.
Осындай сәттерде соны естен шығармаңыз. Бір көрген кинодан сабақ алыңыз және қорқынышты фильм көруді қайталамауға тырысыңыз. Ең бастысы, қай істе де, қандай жағдайда да өзіңе-өзің сенімді болыңыз. Себебі, адамның ең сезімтал ағзаларының бірі – 14
жүйке жүйесі. Өмір тәжірибесі көрсеткеніндей қорқынышты фильмдерді көп көргендер түрлі
жүйке ауруларына, психикалық сырқатқа душар болады. [1]
Мұндай фильмдер ағзамызда жүрек соғысы мен қан қысымын күшейтетін және тердің пайда болуына әкелетін химиялық заттарды өндіреді. Жүйкесі әлсіз адамдардың жүйке жүйесіне қатты әсер ету мүмкін. Кинода көрген қорқынышты роликтерден қорқып, кейін ол
түсіне кіріп, шошынып оянып, жүйке жүйесі әлсіреп, соның салдарынан қараңғылықтан да
қорқып, денесі дір-дір етіп, ауруға ұшырауы да мүмкін.
Психолог Григорий Гуляев та осы тұжырымды қуаттайды: «Адамдар тіс дәрігерінің алдына келгенде тістерінің ауырғанын сезбей қалатынын байқадыңыз ба? Мұның негізгі себебі – қорқыныш. Дұрысын айтқанда, қорқыныш әсерінен ағзамызда тиісті гормондар өндіріледі. Біздің құрылысымыздың ерекшелігі сол, қауіпті жағдай туындаған жағдайда бездеріміз ағзамызға табиғи есірткі (опиум мен морфийдің құрамдас заттары) шашады».

Олар сергектік беріп, эйфория жағдайына апарып қана қоймай, кейбір аурулармен кңгресуге
қабілетті.
Алайда мұндай фильмдердің бір ұтымсыз тұсы бар: оларды көру сіз ңшін жағымсыз кейбір оқиғалар туралы естеліктер ойыңызға оралуы мңмкін. Бұл идеяны Нью-Йорктағы Рокфеллер Университетінің нейроэндокринологы профессор Брюс МакИвен қуаттайды. Сол
себепті, егер сізде жасырылған қорқыныштар болса және сіз оларды оятқыңыз келмесе, онда
қорқынышты фильмдерді кәрмегеніңіз жән.[4]
Қорқынышты фильм туралы адамдардың пікірі.
Қорқынышты фильмдердің адам психологиясына әсері. Оны кәргенде адам психологиясы бұзылады ма?
1.Жңйкесі әлсіз адамдардың жңйке жңйесіне қатты әсер етуі мңмкін. Кинода кәрген қорқынышты роликтерден қорқып, кейін ол тңсіне кіріп, шошынып оянып, жұйке жңйесі
әлсіреп, соның салдарынан қараңғылықтан да қорқып, денесі дір-дір етіп, ауруға ұшырауыда
мңмкін.
2. Иә, қатты кері әсерін тигізеді. Қорқынышты фильмдер кәргенде адамда ӛзгерістер болып жатады.
3. Қорқынышты фильм кәргенде адреналин кәп мӛлшерде бӛлінеді, ал адреналиннің кәп бӛлініп кетуі зиян. Адреналин сіздің кңшіңіз жетпейтін кезде кңшіңіздің жетіп кетуіне
қажет. Мысалы, адам қатты қорқып қашқанда, адреналиннің кәп бӛлінуі нәтижесінде, аттай
алмайтын жерден аттап кетеді. Адреналиндеріңізді құртпай сақтап жңріңіздер.
4. Адамды тасжңрек етеді. Кәп нәрсені кәргенде сізде реакция болмайды. Мысалы адамға жаныңыз ашуы қиындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дайырбеков О.Д., Алтынбеков Б.Е., Торғауытов Б.К., Кенесариев У.И., Хайдарова Т.С. Аурудың алдын алу және сақтандыру бойынша орысша-қазақша терминологиялық сәздік.Шымкент. «Ғасыр-Ш», 2012.
2. Жантану атауларының тңсіндірме сәздігі. – Алматы: «Сәздік-Словарь», 2011. — 384 бет.
3. Орысша-қазақша тңсіндірме сәздік: Педагогика /О 74 Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д.,
профессор Е. Арын — Павлодар: «ЭКО» ҒӚФ. 2011ж.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІНДЕ ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

Байсеркешов Багдат Мамбеткаримович
№68 ЖББОМ дене шынықтыру пәні мұғалімі
Ақтөбе қаласы

Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сҥру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, әскелең
15
ҧрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ҧстанатын білім де қажет. Мектеп
оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір сҥру мәдениетін қалыптастыру дегеніміз:

I. Жеке тҧлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты ҥйлесім
тауып, өз ғҧмырын Отаны, елі, отбасы және өзі ҥшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру;

II. Салауатты өмір салты – ол денсаулықтың ҥйлесімді дамып, сақталуы мен
орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды
жҥргізу.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру ҥшін қандай жағдайларға назар аудару керек?
Өмір салты дегеніміз не?
Бҧл жеке адамның тіршілік етуге бағытталған мҥмкіндіктерін қалыптастыру.
Біздіңше, адамның әлеуметтік – психологиялық және биологиялық жақтан салауатты өмір салтын қалыптастыруға мына жағдайлар негіз бола алады:

— белсенді қозғалыс нәтижесінде организмді шынықтыру дене тәрбиесі немесе спортпен шҧғылдану;
— физикалық еңбектің гигиеналық талаптарын жҥзеге асыру;
— жеке және әлеуметтік гигиеналық талаптарын жҥзеге асыру;
— қарым – қатынас және экологиялық мәдениетке жету;
— дҧрыс жыныстық тәрбие алу;
— зиянды әдеттерден аулақ болу.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның егемен
мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген еңбегінде соның 4 негізгі
кҥшін атап көрсетті. Оның бірі – жер ҥстіндегі байлық деп отырғанымыз – адам, оның білімі
мен іскерлігі, таланты мен мәдениеті, денсаулығы деген еді.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар.
Мҧнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ҧйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт тҥрлерінің шығу тарихын, спорт тҥрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар әмірін алуға болады.
Сол себептен мҧғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ҧштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бҧл мҧғалім мен
оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жҧмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы ҥшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс. Барлық оқушылар әз қабілетін ең тәменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті тҥрде
толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі кҥрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға
кәшіп отырады. Бҧл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының әз қабілетіне,
қызметіне сәйкес жоғары деңгейге кәтерілуіне толық жағдай жасалады.
Жаңаша әдістерді сабақтарда ҥнемі қолданысқа енгізуде теория мен практиканың ҧштасуына мән бергенде ғана жҧмыстың мазмҧндылығы кәріне алады. Осы бағыттарда сын
тҧрғысынан ойлау және деңгейлеп оқыту технологияларының тиімді әдістерін дене шынықтыру пәнінде қолдануды ҧсынамын. Алдымен «Дене шынықтыру пәні не береді?» –
деген сҧраққа:» Қимыл қозғалысты береді. Машықтандыру. Дене мәдениетін қалыптастыру.
Денені шынықтыру, тәрбиелеу. Жалпы дамыту жаттығуларын меңгертеді. Мемлекеттік стандарттық бағдарламаны жоспарлай білуді, нормативтік тест жаттығуларды игертуді береді.
Дене тәрбиесі сабағында сын тҧрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалануға да болады. Осы технологияның шығармашылық бәлігін басшылыққа ала отырып, ой толғау 16
жасауға болады (мысалы, дене шынықтыру сабағын ойын тҥрінде ҧйымдастыру), сол арқылы, оқушылардың бейімділігін арттыруға болады.
Кҥтілетін нәтиже — дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылықтарының артуы. Оқушы шығармашылығы, әзін-әзі басқаруы, қҧрметі, эстетикалық талғамы да артып келеді.
Мысалы, дене шынықтыру сабағында 3-4 сыныптарына сергіту сәтін алатын болсақ, әз тәжірибемде 4-сыныптарға әткізген «Эстафеталық жарыстар» атты сабағымда, алдымен
оқушыларға ой толғау жасау мақсатында, қазақтың ҧлттық ойын тҥрлеріне тоқталдым,

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

ҧлттық ойындар туралы ӛз тҥсініктерін сҧрай отырып, сабақ барысы кезінде орындатуды
жоспарладым. Міне, осы арқылы оқушылар сабақтың жарыс тҥрінде топтық ойын әдісінде
болатына кӛз жеткізеді. Ойлау қабілетін дамыту тҧрғысында 4 сыныптар арасында «Кӛңілді
мәре» сайысы оқушылардың ой-қабілетін, жылдамдық ерекшелігін, тез шешім қабылдауына
және топтық әрекет жасауына пәндерді байланыстыра отыра кіріктірілген сабақ
кӛрермендердің кӛңілінен шықты. Сабақты қызықты ӛткізу ҥшін мультимедиалық проектор
арқылы қазақтың ҧлттық ойындарының тарихын таныстырып ӛтіп, жасырылған сҧрақтарды
табуға машықтандыру, әр топқа белгіленген ҧпай сандарына қарай бағалап отырдым. Кейін
сабақ барысын: «Кім шапшаң?» бӛлімі деп алып, бҧл бӛлімінде оқушылар белгіленген жерге
дейін эстафеталық таяқшамен жҥгіріп барып, белгілі жеріне жеткен кезде, тақтаға жазылып
берілген есептерді шапшаң орындап шығып кейін қайтып келу талабы қойылды.
Оқушылардың бҧл бӛлімде сабаққа деген қызығушылығының артуымен бірге машықтанады,
логикалық ойлау қабілеттері артады, қимыл-қозғалыс әрекеті дамиды. Таңертеңгілік бой
жазу және сергіту жаттығулары мен бірге мектебімізде ҧл

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.